

Түсіндірме жазба

Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде жаңартылған білім беру мазмұнындағы жұмысқа бейімделген білікті мамандарды даярлау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі күні барлық білім беру ұйымдарында жаңадан қабылданған педагогтарды бекіту мәселелері шешілген жоқ, себебі олардың бейімделуі, кәсіби дамуға және мансаптық өсуге ынталандыру үдерістерімен байланысты.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі ұйымдардың кадрлық педагогикалық құрамы қарқынды түрде «қартаюуда», ал білім беру ұйымдарының көпшілігінде кадрлардың жоғары ауысымы байқалуда. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі - мектепке дейінгі ұйымдарында жұмыс істеудің қиын жолын таңдаған бірнеше жас мамандарды жан-жақты қолдау болып табылады.

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келетін жас мамандардың саны айтарлықтай азайды. Бұл жас мамандардың жұмысына қанағаттанбауы көбінесе әкімшілікке, ең алдымен балабақша директорына байланысты. Басшы, әдіскер, педагог-психолог және барлық педагогикалық ұжым жас мамандарға жана ұжымда бейімделуіне көмектесетін, олардың таңдаған кәсіби жолынан көңілі қалмауы үшін жағдай жасау қажет. Әдетте, жас мамандар мектепке дейінгі ұйымдарға оң көзқараспен, жұмыс істеуге, құруға, тәрбиеші болуға, үлкен тәжірибесі бар педагог әріптестерінен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жоғары сапалы тәжірибе алууды күтеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы отандық және әлемдік тәжірибелерге сәйкес білім беру жүйесінің сапасын жақсарту және дамыту бойынша түбегейлі

шаралар қабылдауда. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, ол осыған ұқсас 2016-2019 жылдарда қабылданған бағдарламаның жалғасы болды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселелердің бірі жас педагог мамандарды мамандыққа тарту және ұстап қалу болып табылады. Ол үшін білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін педагогтардың рөлін арттыру қажет. Осыған байланысты біздің еліміздің тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы қабылданды, ол кәсіби қызметті жүзеге асыру кезеңінде педагогтің беделін арттыруға бағытталған.

Әрине, жас педагогтардың әрқайсысы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге теориялық және практикалық дайындықтың әр түрлі деңгейіне ие, олардың таңдаған мамандығында адамгершілік құндылықтар мен өзіндік құндылықтар туралы түсініктері бар. Демек, білім беру саласындағы жас мамандардың кәсіби дамуына педагогикалық қызметтің алғашқы жылдары айтарлықтай әсер етеді. Көптеген адамдар егер жас маман мектепке дейінгі ұйымдарында бір жыл жұмыс істеп, педагогикалық қызметін одан әрі жалғастырса, бұл оның балабақшада мәңгі жұмыс істейтіндігін білдіреді, өйткені дәл осы кезең «сынақ мерзімі» болып саналады, яғни болашақта маманның әлеуметтік және кәсіби ортада ұстанымын анықтайды.

Алайда, әлеуметтік-педагогикалық деңгейде жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу және олардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қызметі өзекті мәселе болып қала береді. Дамытушы білім беру үдерісіне ұйымдастырудың тиімділігінің шарты қазіргі тәрбиешінің

кәсіби құзыреттілігі болып табылады, ол жалпыадамзаттық және кәсіби көзқарастардың күрделілігі ретінде анықталады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу мәселесін зерттеу барысында бірқатар қарама-қайшылықтар туындады:

1. Жас маманның жұмыс сапасына қойылатын талаптар мен түлектің әкімшіліктің үміттерін орындауға психологиялық дайындығының жеткіліксіздігі;

2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жас мамандарды басқарушылық сүйемелдеуге қарастырылатын ғылыми зерттеулердің едәуір көп саны мен жүйелеудің болмауы.

Оқу-әдістемелік құрал жас мамандардың қызметін тиімді психологиялық-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие - білім беру қызметін ұйымдастыруға тікелей көмек көрсету және жас маманның кәсіби дамуының жеке жоспарын әзірлеу болып табылады.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу» оқу-әдістемелік құралы жас мамандардың психологиялық бейімделуінің теориялық негіздемесі, жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу моделі, жас маман мектебінің жұмыс істеуі туралы ереже, әдіскердің жас мамандармен жұмысының үлгі жоспары, оқу жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, тест тапсырмалары, сауалнамалар, ұсынымдардан тұрады.